

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТУДЫҢ МӘНІ, ОНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ САБАҚТАС ИНСТИТУТТАРЫМЕН АРА ҚАТЫНАСЫ



А. Ә. БИЕБАЕВА,
М.С. Нәрікбаев атындағы
КАЗГЮУ университеті, з.ғ.к.,
доцент (г. Нур-Султан)



А.М. КАЛГУЖИНОВА,
Е.А. Бөкетов атындағы
ҚарМУ, заң ғылымдарының
магистрі, аға оқытушы
(г. Караганда)

Ғылыми мақала тақырыбының *өзектілігі* қылмыстық жауаптылықтан босату институты нормаларының заманауи Қазақстанның құқық қолдану тәжірибесінде жиі қолданылуымен айқындалады, атап айтқанда, елімізде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың шамамен бестен бірі бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату туралы шешім қабылданады.

Зерттеудің *мақсаты* – сабақтас қылмыстық-құқықтық институттармен салыстыру арқылы қылмыстық жауаптылықтан босатудың мәнін ашу. Мақаланы жазу барысында негізінен заңнаманы жүйелі-құрылымдық талдау *тәсілі* қолданылды. Мақаланың *жаңашылдығы* авторлардың материалдық және процестік қылмыстық құқықтың қылмыстық жауаптылықтан босатудың негіздері мен тәртібін реттейтін нормалары арасындағы сәйкессіздікті жоюдың нақты жолдарын ұсынуынан көрініс береді.

Негізгі қорытындылар: Қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық істі тоқтату туралы процестік шешім шығарғанда ескерілуі тиіс мәндік сипаттары аталады. Қылмыстық-процестік заңнаманың қылмыстық жауаптылықтан босату тәртібін реттейтін нормаларын материалдық қылмыстық құқықтың идеологиясымен сәйкестікке келтіріп, соттарды айыптау үкімін шығара отырып қылмыстық жауаптылықтан босату құқығынан айыру ұсынылады. Авторлардың пікірі бойынша, бұл қадам қылмыстық жауаптылықтан босату және жазадан босату институттарының арасында айқын жік жүргізуге, сондай-ақ қылмыстық жауаптылықтан босатудың ынталандырушылық әлеуетін толық пайдалануға жол ашады.

Тірек сөздер: *қылмыстық жауаптылықтан босату; жазадан босату; қылмыстық құдалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар; әрекеттің мардымсыздығы; әрекеттің қылмыстылығын жоққа шығаратын мән-жайлар; өз еркімен бас тарту.*

Кіріспе

Кең тараған пікір бойынша, іс жүзінде жүзеге асырылған қылмыстық жауаптылық қана қылмыстық-құқықтық саясаттың тиімді құралы бола алады. Алайда өмірде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тартуды, оған жаза қолдануды әділетсіз, заңмен бекітілген мақсаттарға қарама-қарсы ететін жағдайлар да кездеседі. Осындай жағдайларда қылмыстық-құқықтық құралдарды қолдану жолымен қылмыстық жауаптылықты іс жүзінде жүзеге асыру мақсатқа лайық емес, орынсыз болады, әрі мемлекет тарапынан жұмсалған шығындарды (қаржылық, ресурстық) ақтамайды. Осы мәселенің әділ де ақылға қонымды шешімін іздестіруде қылмыстық жауаптылықтан босату институты көмекке келеді.

Қазақстан Республикасының қылмыстық саясаты қылмыстық қуғын-сүргінді қолдану аясын кезең-кезеңмен қысқарту бағытын жүзеге асыру жолдарының бірі ретінде қылмыстық жауаптылықтан босату институтын жетілдіруді қарастырады.¹ 2014 жылғы ҚР ҚК қылмыстық жауаптылықтан босатудың жаңа түрлерін енгізді (мысалы, процестік келісімнің талаптарын орындау, кепілгерлік белгілеу).² Құқық қолдану тәжірибесінде де қарастырылып отырған институт кең көрініс тапқан, атап айтқанда, елімізде қылмыстық құқық бұзушылықтардың шамамен бестен бірі бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату қолданылады (Кесте 1).

Кесте 1. Ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатуды қолдану статистикасы³

Жылдар	Іс жүргізуде болған ҚҚБ жалпы саны	Ақтамайтын негіздер бойынша босату қолданылған ҚҚБ саны	Босатудың үлес салмағы (%)
2015 жыл	402821	65234	16,2
2016 жыл	408775	79021	19,3
2017 жыл	360429	68584	19
2018 жыл	332299	62877	18,9

Бұл ретте қылмыстық жауаптылықтан босатудың жалпы саны салыстырмалы түрде тұрақты болғанына қарамастан, босату жиілігі қылмыстық құқық бұзушылықтың түріне және санатына тікелей тәуелді екенін ескеру қажет. Атап айтқанда, қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілік дәрежесі неғұрлым төмен

¹ Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген // URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858_\(30.09.2019\)](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858_(30.09.2019)).

² Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған // URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226\(30.09.2019\)](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226(30.09.2019)).

³ Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ресми сайты. «Құқықтық статистика» ақпараттық сервисі. Отчет № 1-М «О зарегистрированных уголовных правонарушениях» // URL: [http://qamqor.gov.kz\(26.08.2019\)](http://qamqor.gov.kz(26.08.2019)).

болса, оны жасаған адамды қылмыстық жауаптылықтан босату ықтималдығы соғұрлым жоғары (Кесте 2).

Кесте 2. Қылмыстық құқық бұзушылықтың түрлері мен санаттарына қарай актамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатудың үлес салмағы (%)

Жылдар	Қылмыстық теріс қылықтар	Қылмыстар	оның ішінде			
			Онша ауыр емес	Ауырлығы орташа	Ауыр қылмыстар	Аса ауыр қылмыстар
2015 жыл	24,5	15,2	20,8	15,6	1,6	2,8
2016 жыл	32	17,7	26,5	18,1	1,6	2,3
2017 жыл	27	18	27	18,6	1,3	2,4
2018 жыл	14,7	19,5	28,2	20	2	2

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың мәнін ашатын сипаттары

Жиі қолданылғанына қарамастан, қылмыстық жауаптылықтан босатудың құқықтық табиғаты мен ішкі мәнін түсінуде заңгерлер қауымының арасында ауызбіршілік жоқ. Арнайы әдебиетте қылмыстық жауаптылықтан босатудың сан алуан анықтамалары ұшырасады.⁴ Осы анықтамаларды, ғалымдардың ұстанымын және қылмыстық жауаптылықтан босату институтының бүгінгі күнгі құқықтық реттелу деңгейін ескере отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатудың мәнін ашу үшін маңызды бірнеше жайтқа тоқталып өтуді жөн санаймыз.

Біріншіден, қылмыстық жауаптылықтан босатудың негізі пайда болу үшін, алдымен қылмыстық жауаптылықтың негізі болуы керек. ҚР ҚК 4-бабына сай қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі – адамның жасаған әрекеттерінде нақты қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілерінің болуы. Егер қылмыстық жауаптылыққа тартудың негіздері болмаса, одан босату қажеттігі де туындамайды. Сондықтан жасаған әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмаған жағдайларда адам қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды, қылмыстық жауаптылыққа мүлде жатпайды.

Мысалы, бұзақылық қылмысының белгілері бар әрекетті жасаған адамға қатысты шығарылған үкімнің қарар бөлігінде «А. қылмыстық заңмен көзделген қоғамдық қауіпті әрекетті есі дұрыс емес күйде жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылсын» деп жазылған.⁵ Ал дұрысында осындай жағдайларда соттар есі дұрыс

⁴Қараңыз: Карпушин М.П., Курляндский В.И. Уголовная ответственность и состав преступления. М., 1974; Келина С.Г. Теоретические вопросы освобождения от уголовной ответственности. / Отв. ред. А.А. Пионтковский. М., 1974; Магомедов А.А. Уголовная ответственность и освобождение от нее: эволюция правовых воззрений и современность. Автореф. дисс. ... д.ю.н. М., 1998; Ендольцева А.В. Институт освобождения от уголовной ответственности: теоретические, законодательные и правоприменительные проблемы. Автореф. дисс. ... д.ю.н. М., 2005. и др.

⁵Уголовное Дело № 1-38 // ЕАИС ВС РК // Официальный сайт Верховного Суда РК.

емес күйде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауы себепті қылмыстық жауаптылыққа жатпайды (ҚР ҚК 16-бабы) және оған қатысты қылмыстық іс тоқтатылады (ҚР ҚПК 35-баб. 1-бөл. 9)-тарм.) деп көрсетуі тиіс.

Тәжірибе қызметкерлерінің қылмыстық жауаптылықтың негізі жоқ жағдайлар мен қылмыстық жауаптылықтан босату негіздері бар жағдайларды шатастыруына, бір есептен, аталған жағдайларда қылмыстық істі тоқтату туралы бірдей процесік шешім қабылданатыны себепші болып отыр. Дегенмен, біздің ойымызша, оның басты себебі қылмыстық-процестік заңнаманың кемшіліктері: ҚР ҚПК-нің 35-бабында іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлардың қатарында қылмыстық істі тоқтатудың ақтайтын және ақтамайтын негіздері қатар бекітілген; қылмыстық жауаптылықтан босатудың материалдық қылмыстық құқықпен көзделген түрлері бірде тұтас (ҚР ҚПК 35-бабының 1-бөлігінің 12)-тармағы), бірде бөлек (ҚР ҚПК 35-бабының 1-бөлігінің 3), 4)-тармақтары) аталған.

Сонымен, қылмыстық жауаптылықтан босатпас бұрын, нақты адам тарапынан қылмыстық құқық бұзушылық жасау фактісі орын алғаны анықталады. Мемлекет қылмыстық заң талаптарын бұзған адамды мінейтінін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауымен білдіреді және бұл факт қылмыстық қудалау органының лауазымды адамдарымен тиісті процесік нысанда құжатталады.

Екіншіден, қылмыстық жауаптылықтан босату ұғымы қылмыстық жауаптылық ұғымымен тығыз байланысты, С.Г. Келинаның қылмыстық жауаптылықтан босатуды қылмыстық жауаптылықтың «теріс қыры»⁶ деп атауы содан. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың құқықтық табиғатын, мәнін ашу мақсатына қылмыстық жауаптылықты қылмыстық-құқықтық қатынастар субъектілерінің өзара құқықтары мен міндеттері тұрғысынан қарастыратын ұстаным жауап береді. Қылмыстық-құқықтық қатынастар аясында мемлекеттің қоғамдық қауіпті әрекеттердің жеке-ленген көріністері үшін қылмыстық-құқықтық тыйым орнату және соған сәйкес жазалар белгілеу құқығы, әр азаматтың осы тыйымға бағынуын талап ету құқығы және тыйымды бұзған кінәлі адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту құқығы бар.⁷ Қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде мемлекет өзінің қылмыстық заң талаптарына бағынбаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту құқығынан ерікті түрде бас тартады, ал қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам сотталу, жазалану және сотталған болу міндетінен босатылады. Осы себепті кінәлі адамға қатысты айыптау үкімі шығарылмайды, оған жаза тағайындалмайды, ол оны өтемейді және сотталған деп саналмайды.⁸

⁶Келина С.Г. Теоретические вопросы освобождения от уголовной ответственности / Отв. ред. А.А. Пионтковский. М.: Наука, 1974. С. 25.

⁷Лесниевски-Костарева Т.А. Дифференциация уголовной ответственности. Теория и законодательная практика. М.: Норма, 2000. С.134.

⁸Коробов П.В. Сущность освобождения от уголовной ответственности (исходные положения) // Вестник Волжского университета им. В.Н. Татищева. 2010. № 74. С. 49.

Бұл орайда кінәлі адамға жаза немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын қолдану қылмыстық жауаптылықтың *құқықтық* мазмұнын ғана құрайтынын, қылмыстық жауаптылықтың *әлеуметтік* мазмұны қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды мемлекет атынан мінеуді және оның қылығына теріс баға беруді көздейтінін есте ұстау қажет. Қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам өз әрекеттерінің құқықтық салдарынан босатылғанымен, мемлекет атынан мінеуге ұшырап, өз әрекеттерінің теріс бағасын алады.

Үшіншіден, өзінің құқықтық табиғаты бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату институтының нормалары қылмыстық құқықтағы ынталандырушы нормалардың қатарына кіреді. Атап айтқанда, олар адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін жағымды мінез-құлық танытуына түрткі болады. Бұл ретте қылмыстық жауаптылықтан босатудың ынталандырушылық әлеуеті қылмыскерге қосымша материалдық немесе рухани игіліктер мен жеңілдіктер ұсынудан емес, оны қылмыстық құқық бұзушылық жасауына орай жүктелетін ауыртпалықтар мен тауқыметтен босатудан көрінеді. Қылмыстық жауаптылықтан заңды негізде құтылу перспективасы қылмыскерді жағымды мінез-құлыққа мәжбүрлемейді, ерікті түрде жағымды мінез-құлық танытуға итермелейді.⁹

Төртіншіден, қылмыстық жауаптылықтан босату қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды ақтау болып табылмайды. ҚР ҚПК 37-бабы ақталатын адамдардың қатарында ҚР ҚК-нің ережелеріне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататын адамдарды атамайды. Сол себепті олар құқықтарының қалпына келтірілуін талап ете алмайды, тіпті олар белгілі бір құқықтық шектеулерге де ұшырауы мүмкін. Мысалы, ҚР ҚК-нің 83-бабында көзделген тәртіп бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған кәмелетке толмағандарға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың ақтамайтын сипаты, біріншіден, қылмыстық қудалау органдарының лауазымды адамдарын күдіктіге, айыпталушыға немесе сотталушыға босатудың құқықтық салдарын және істі тоқтатуға қарсылық білдіру құқығын түсіндіруге міндеттейді; екіншіден, күдікті, айыпталушы немесе сотталушы босатуға қарсылық білдірген жағдайларда, қылмыстық істі тоқтатуға жол бермейді. Қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде тергеп-тексеру материалдарының негізінде адамның нақты қылмыстың (қылмыстық теріс қылықтың) белгілері бар әрекетті жасағаны қуатталады, сондықтан істі тоқтату туралы шешім оны кінәсіз деп тануды білдірмейді, яғни кінәлілік туралы мәселе ашық күйінде қалады. Өзін кінәсізбін деп санайтын адам іс бойынша іс жүргізудің әдеттегі тәртіппен жалғастырылып, өзіне қытысты ақтау үкімінің шығарылуын талап ете алады.

⁹Биебаева А.А. Поощрительные нормы в уголовном праве Республики Казахстан // Право и государство. 2014. № 3 (64). С. 55.

Қылмыстық жауаптылықтан босату мен жазадан босату институттарын ажырату

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың құқықтық мәнін тереңірек ашуға оның қылмыстық құқықтың жапсарлас институттарымен ара қатынасын дұрыс анықтау, оларды бір-бірінен ажырату көп септігін тигізеді.

Жапсарлас институттар туралы сөз қозғағанда, әрине, ең бірінші кезекте, жазадан босату институты меңзеледі. Жазадан босату кезінде сот айыптау үкімі бойынша сотталған адамды жазадан толығымен немесе жазаны ары қарай өтеуден босатады.

Қылмыстық жауаптылықтан босату мен жазадан босату институттарының жақындығы олардың құқықтық салдарының ұқсастығымен ғана емес, оларды қолдану негіздерінің ұқсастығымен де айқындалады. Оларды қолданудың ортақ негіздері ретінде қылмыстық заңнамада қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның қоғамдық қауіптілігінен мүлде айырылуы немесе оның қоғамдық қауіптілігінің төмен болуы аталады.

Әдетте, қылмыстық жауаптылықтан босату мен жазадан босату институттарын қылмыстық сот ісін жүргізудің босату жүзеге асырылуы мүмкін сатылары бойынша және босату туралы шешім қабылдау өкілеттігі берілген лауазымды адамдар мен органдардың аясы бойынша ажыратады.¹⁰

Біз қылмыстық жауаптылықтан босату қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың «нәлдік сатысында», яғни іс бойынша айыптау үкімі шығарылғанға дейін орын алуы керек деген сенімдеміз. Нақ осы қасиетімен қылмыстық жауаптылықтан босату институты қылмыстық жазадан босату институтынан түбегейлі түрде ерекшеленеді.

Мысалы, Ю.Е. Терновая қылмыстық жауаптылықтан босатуды қылмыс жасаған адамды оның қылмыстан кейінгі жағымды мінез-құлқын ескере отырып немесе қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтіп кетуіне орай сотталып, мемлекеттік-мәжбүрлеу шараларына ұшырау міндетінен босату туралы құқықтық актіде бекітілген шешімі деп анықтайды.¹¹

Айыптау үкімін шығару, қылмыстық істі тоқтату мәселелері қылмыстық-процестік заңнамамен реттеледі. Құзыретті лауазымды адамдардың (тергеуші, анықтаушы, прокурор, сот) сәйкес процестік шешім қабылдауы қылмыстық жауаптылықтан босатуға нақты сипат береді, өйткені процестік нысандардан тыс қылмыстық жауаптылықтан босату іске асырыла алмайды. Бұл болса, материалдық құқық нормаларының негізінде жатқан мазмұнның процестік құқық нормаларында айқындалатын нысанмен үйлесімділікте болуын талап етеді. Өкінішке орай, бүгінгі күні қылмыстық жауаптылықтан босатуды қылмыстық процестің қай сатысында жүзеге асырған орынды деген мәселе төңірегінде айқындық және материалдық қылмыстық құқық пен процестік қылмыстық құқық арасында үйлесімділік жоқ.

¹⁰ Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть / Под ред. А.С. Даулбаева. Т. 1. Алматы: Жеті Жарғы, 2015. С. 399.

¹¹ Терновая Ю.Е. Освобождение от уголовной ответственности как форма поощрения за позитивное постпреступное поведение: Дис. ... канд. юрид. наук. Краснодар, 2006. С. 92.

Қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға негіз болатын мән-жайларды реттейтін ҚР ҚПК 36-бабы сотқа айыптау үкімін шығарғанға дейін ғана емес, айыптау үкімін шығара отырып та қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігін береді.

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық заңнамада көзделген түрлері бойынша, бір жағдайларда, уәкілетті орган мен лауазымды адам қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды босатуға міндетті болса, ал екінші бір жағдайларда, міндетті емес. Сәйкесінше, олардың біріншісін қылмыстық-процестік заң «іс бойынша іс жүргізуді *болғызбайтын* мән-жайлар», екіншісін – «қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға *мүмкіндік беретін* мән-жайлар» деп атайды.

ҚР ҚПК 36-бабында қылмыстық қудалау органы мен сотқа қылмыстық жауаптылықтан босату құқығы берілетін негіздер жайлы сөз болып тұр. Бұл ретте процестік заңда қылмыстық заңмен көзделген жауаптылықтан босатудың әрі жалпы (ҚР ҚК 65-баб. 1-бөл., 66-бабы, 67-бабы, 68-баб. 2 және 3-бөл., 83-баб. 1 және 3-бөл.), әрі арнайы (ҚР ҚК 441, 442, 444 – 448, 453-баптарының ескертулері) түрлері аталған.

Олай болса, сотқа айыптау үкімін шығара отырып қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігін беретін заңнамалық ережеге орай айыптау үкімінің шығарылуы қылмыстық жауаптылықтан босату мен жазадан босату институттарының арасында айқын айырмашылық жүргізуге мүмкіндік беретін жік (критерий) болудан қалады.

Біз заңшығарушының сотқа істі қарауды соңына дейін жеткізіп, «айыптау үкімін шығара отырып, қылмыстық жауаптылықтан босату» құқығын беруіне сын көзбен қараймыз. Бұл заңнамалық ереже қылмыстық жауаптылықтан босатудың жекелеген түрлерінің құқықтық табиғатын бұрмалап, оларды жауаптылықтан босатудан жазадан босатуға айналдырып жібереді.

В.В. Сверчков аталған мәселені қылмыстық жауаптылықтан босатудың уақыттық шектерін нақтылау жолымен шешуді ұсынады: қылмыстық жауаптылықтан босату қылмыстық қудалауды бастау туралы шешім қабылданған сәттен бастап сот шығарған айыптау үкімі заңды күшіне енгенге дейінгі аралықта мүмкін, ал жазадан босату – сот айыптау үкімін шығарған сәттен бастап сот тағайындаған жаза өтелгенге дейінгі аралықта мүмкін.¹²

Қылмыстық жауаптылықтан босату мен жазадан босату институттарының арасында айырмашылық жүргізу қажеттігін теріске шығарып, босатудың қылмыстық процестің қай сатысында жүзеге асырылатыны маңызды емес деп санайтын авторлар да бар.¹³ Дегенмен олар да қылмыстық қудалаудың қай кезеңінде – айыпталушы ретінде тартылғанға дейін немесе одан кейін, сотқа дейін немесе сотта айыптау үкімі шығарылғанға дейін, айыптау үкімі шығарылған соң – жүзеге асырылғанына қарай босатудың құқықтық маңызы мен құқықтық салдары әртүрлі болатынын теріске шығармайды.

¹²Сверчков В.В. Концептуальные основы решения проблемы освобождения от уголовной ответственности. Автореферат дис. ... д.ю.н. Нижний Новгород, 2008. С. 12.

¹³Атымтай Г. Основания освобождения от уголовной ответственности и наказания / Сборник материалов конференции «20 лет независимости Республики Казахстан в свете формирования гражданского общества». Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2011. С. 47.

Қарастырылып отырған мәселе төңірегіндегі пікірталасқа араласпай, мынаны айтуға болады: біріншіден, босатудың қылмыстық заңнамамен көзделген негіздері болған жағдайларда қылмыстық жауаптылықтан босатуды мүмкіндігінше қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатыларында жүзеге асырған тиімді, ал қылмыстық жауаптылықтан босатудың барлық негіздері бола тұра, сотта істі қарауды жалғастырып, айыптау үкімін шығаруға дейін жеткізу прагматикалық тұрғыдан орынсыз, ресурстарды тиімсіз жұмсау болып көрінеді; екіншіден, айыптау үкімі шығарылған соң адам кінәлі деп танылып, сотталып қояды, бұдан кейін оны тек жазадан ғана босату мүмкін.

Қылмыстық жауаптылықтан босату мемлекеттің қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту құқығынан бас тартып, оған қатысты қылмыстық істі тоқтатуымен байланысты біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардан тұратын салааралық құқықтық институт болып табылады, өйткені қылмыстық жауаптылықтан босатудың негіздері мен шарттары материалдық қылмыстық құқықпен реттелсе, ал босату тәртібі процестік қылмыстық құқықпен айқындалады. Олай болса, аталған құқық салаларының біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалары тығыз сабақтастықта, өзара кіріге отырып дамуы керек.¹⁴

Атап айтқанда, ҚР ҚПК 36-бабының 1-бөлігінен «Мұндай жағдайларда сот қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, айыптау үкімін шығаруға да құқылы», – деген ережені алып тастау керек. Соттардың тәжірибе жүзінде аталған құқығына сирек жүгінуі осы заңнамалық ережеден еш қиындықсыз бас тартуға болатынын қуаттайды. Статистика көрсетіп отырғандай, соттар 2017 жылы сотталғандардың жалпы санының 0,71 пайызын, ал 2018 жылы – 0,86 пайызын ғана үкім бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатқан.¹⁵

Қылмыстық жауаптылықтан босату және қылмыстық құқықтың өзге де жапсарлас институттары

Қылмыстық жауаптылықтан босату институтының ҚР ҚК 10-бабының 4-бөлігінде бекітілген әрекеттің мардымсыздығы институтымен ұқсастығы бар. Заңға сәйкес мардымсыз деп формальды түрде ҚР ҚК Ерекше бөлімінде көзделген қандай да бір іс-әрекеттің белгілері бар, бірақ қоғамға қауіп төндірмейтін іс-әрекет немесе әрекетсіздік танылады.

Әрекеттің мардымсыздығы туралы норма алғаш рет кеңестік заңнамада 1924 жылы қылмыстық-процестік норма түрінде пайда болып, екі жылдан соң 1926 жылғы РКФСР ҚК-де материалдық қылмыстық құқықтың нормасы ретінде бекітілді. 1958 жылғы КСР Одағы және одақтас республикалардың қылмыстық

¹⁴Ендольцева А.В. Освобождение от уголовной ответственности: от теоретических рассуждений к de lege ferenda // Вестник Московского университета МВД России. 2016. № 6. С. 57.

¹⁵Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ресми сайты. «Құқықтық статистика» ақпараттық сервисі. Форма № 10 «О числе лиц, в отношении которых вынесены судебные акты» // URL: <http://qamqor.gov.kz> (30.09.2019).

заңнамасының негіздерінде әрекеттің мардымсыздығы туралы ереже қылмыстың жалпы нормативтік анықтамасын бекітетін нормадан орын тепті. Содан кейінгі кезеңде (тәуелсіз Қазақстанның 1997 жылғы және 2014 жылғы Қылмыстық кодекстерін қоса санағанда) әрекеттің мардымсыздығы туралы норманың қылмыстық заңнаманың Жалпы бөліміндегі орны өзгерген жоқ. Бұл қисынды да, өйткені өзінің мазмұны бойынша аталған норма қылмыстық әрекеттің міндетті қасиеті болып табылатын қоғамдық қауіптілік белгісін ашады және нақталайды.

Әрекеттің мардымсыздығы туралы норманы түсіндіре отырып, кеңес ғалымдары былай деп жазған болатын: «Бұл жағдайда адамның мінез-құлқы қылмыстық заңмен қылмыс ретінде көзделген әрекеттің объективтік белгілерімен біршама ұқсас болғанымен, қылмысқа тән қоғамдық қауіптілікке ие болмағандықтан, қылмыс деп танылмайды».¹⁶

Заманауи Қазақстанның қылмыстық заңнамасы әрекеттің мардымсыздығы туралы норманы дәл осы мағынада қабылдауға негіз бермейді. 2014 жылғы ҚР ҚК қылмыстық теріс қылық санатын енгізуіне орай әрекеттің мардымсыздығының заңмен қорғалатын мүдделерге «зор қауіп төндірмеу» қасиеті қылмыстық теріс қылықтың анықтамасына «көшірілді».

Егер заңда қылмыс пен қылмыстық теріс қылыққа қатысты қоғамдық қауіптілік дәрежесінің жоғарырақ немесе төменірек болуы жайлы айтылса, мардымсыздық туралы нормада әрекеттің «қоғамға қауіп төндірмейтіндігі» жайлы айтылады. Бұл ретте қоғамдық қауіптілік белгісі жоқ әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық деп танылмауы қисынды жайт, өйткені қоғамдық қауіптілік – қылмыстық құқық бұзушылықтың материалдық мәнін ашатын маңызды белгісі.

Олай болса, әрекеттің мардымсыздығы жағдайында қылмыстық құқық бұзушылық жоқ, қылмыстық құқық бұзушылық жоқ жерде қылмыстық жауаптылықтың негізі де жоқ, демек, қылмыстық жауаптылықтың негізі жоқ жерде қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәселе де туындамайды. Әрекеттің мардымсыздығының қылмыстық жауаптылықтан босату институтынан басты айырмашылығы – осында.

Қылмыстық жауаптылықтан босату институтын әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар институтынан айыру да өзекті мәселе болып табылады.

Әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлардың жалпы заңнамалық анықтамасы бекітілмеген. Қылмыстық құқық теориясында оларды «сырттай қарағанда қылмысқа ұқсас әрекеттерді құқыққа сыйымды, ал кейбіреулерін тіпті қоғамдық пайдалы мінез-құлыққа айналдыратын мән-жайлар»¹⁷ немесе «қылмыстық заңмен көзделген әрекеттерді қоғамдық қауіптілік, құқыққа қайшылық немесе кінәлілік белгілерінің болмауына байланысты қылмыс деп танымауға негіз беретін мән-жайлар»¹⁸ деп анықтайды. Келтірілген анықтамаларда қылмыстың (қолданыстағы

¹⁶Уголовный закон: опыт теоретического моделирования / Отв. ред. В.Н. Кудрявцев, С.Г. Келина. М.: Наука, 1987. С. 121.

¹⁷Баулин Ю. В. Обстоятельства, исключющие преступность деяния. Харьков, 1991. С. 82.

¹⁸Уголовный закон: опыт теоретического моделирования / Отв. ред. В.Н. Кудрявцев, С.Г. Келина. М.: Наука, 1987. С. 120.

қылмыстық заңнама бойынша – қылмыстық құқық бұзушылықтың) белгілерін бейтараптандыратын мән-жайлар туралы айтылып тұрғаны сөзсіз.

2014 жылғы ҚР ҚК-нің әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайларды реттейтін нормаларының барлығы «... қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды» деген тіркеспен аяқталады. Нақ осы тіркес бұл институты жапсарлас қылмыстық-құқықтық институттардан ажыратудың кілті бола алады деп пайымдаймыз. Заңда көзделген мән-жайлардың әрқайсысы (ҚР ҚК 32-38 баптары) қылмыстық құқық бұзушылықтың жекелеген белгілерін (қоғамдық қауіптілік, құқыққа қайшылық, кінәлілік) теріске шығара отырып, тұтастай қылмыстық құқық бұзушылық құрамының жоқ екеніндігін білдіреді. Демек, қылмыстық жауаптылықтың негізі жоқ жерде жауаптылықтан босату туралы да мәселе көтерілмейді.

Қылмыстық жауаптылықтан босату институтының, әсіресе, оның әрекетпен өкінуге негізделген түрлерінің, қылмыстық құқық бұзушылық жасаудан өз еркімен бас тарту институтымен белгілі бір ұқсастықтары бар. Осы себепті өз еркімен бас тарту және әрекетпен өкіну институттарының ара қатынасын қарастырған орынды.

Заңға сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту деп қылмыстық құқық бұзушылықты ақырына дейін жеткізу мүмкіндігін ұғынған адамның дайындалу немесе оқталу әрекеттерін тоқтатуы түсініледі (ҚР ҚК 26-бабы). Дайындалу немесе оқталу сатыларында жүзеге асырылуы мүмкін өз еркімен бас тартуды кейде қылмыс жасауға кіріскен адам үшін салынған «алтын көпір» деп атайды. Бұл дөп басып айтылған нақышты сөз, өйткені басталып қойған қылмыстық құқық бұзушылықты соңына дейін жеткізуден ерікті түрде бас тартқан адам қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

Қылмыстық құқықта әрекетпен өкіну деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның өз әрекетінің келеңсіз зардаптарының алдын алуға, жоюға немесе кемітуге не құқық қорғау органдарына жасалған қылмыстық құқық бұзушылықты ашуда көмек көрсетуге бағытталған мінез-құлқы түсініледі.

Қылмыстық жауаптылықтан босату негізі ретіндегі әрекетпен өкіну мен өз еркімен бас тарту арасында келесі белгілері бойынша айырмашылық жүргізуге болады:

1) олар жүзеге асырылатын уақыты бойынша – өз еркімен бас тарту әрекеттің қоғамдық қауіпті зардаптары туындағанға дейін мүмкін болса, әрекетпен өкіну олар туындап қойған соң орын алады;

2) мақсаттары бойынша – өз еркімен бас тарту институты қылмыстық құқық бұзушылық жасауды ойластырған адамды өз ниетінен айнытуға бағытталған болса, әрекетпен өкіну институты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды ашуды жеңілдету, қылмыстық құқық бұзушылықтардың зардаптарын азайту, мүмкіндігінше олардың орнын толтыруды қамтамасыз ету мақсатын көздейді;

3) құқықтық салдары бойынша – адамның әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы жоқ болғандықтан, өз еркімен бас тарту оны қылмыстық жауаптылыққа тартпауға негіз береді, әрекетпен өкіну кезінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бар, сондықтан әрекетпен өкіну қылмыстық жауаптылықтан босатудың негізі болып табылады.

Қорытынды

Қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігі туралы мәселені қылмыстық жауаптылықтың негізі болған жағдайларда ғана көтеруге болады. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың осы қасиетін ескеру қылмыстық істі тоқтату туралы процесік шешім қабылдағанда қылмыстық жауаптылықтың негізі жоқ жағдайлар мен қылмыстық жауаптылықтан босату негіздері бар жағдайларды шатастырмауға мүмкіндік береді. Келтірілген жағдайлардың біріншісінде адамның қылмыстық жауаптылыққа *жатпайтыны* туралы, ал екіншісінде оның қылмыстық жауаптылықтан *босатылатыны* туралы шешім қабылдануы керек.

Қылмыстық-процестік заңнаманың қылмыстық жауаптылықтан босату тәртібін реттейтін нормаларын материалдық қылмыстық құқықтың идеологиясымен сәйкестікке келтіріп, соттарды айыптау үкімін шығара отырып қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігінен айырып, қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәселені айыптау үкімін шығарғанға дейін шешуге міндеттеу қажет. Бұл қадам бір-біріне етене жақын құқық салаларының арасындағы сәйкессіздік мәселесін шешіп қана қоймай, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдар үшін қылмыстық жауаптылықтан босату институтының тартымдылығын арттыра түскен болар еді. Қылмыскерлерге құқықтық шектеулердің ауқымды бөлігінен заңды негізде құтылу кепілдігін ұсына отырып, қылмыстық жауаптылықтан босатудың ынталандырушылық әлеуетін еселеп көтеруге болады.

Қылмыстық заңнамаға қылмыспен қатар қылмыстық құқық бұзушылықтың дербес бір түрі болып табылатын қылмыстық теріс қылық ұғымы енгізілген жағдайда әрекеттің мардымсыздығы туралы норманың бұрынғы қалпында сақталып қалуы қисынсыз деп санаймыз.

А.А. Биебаева, А.М. Калгужинова: Сущность освобождения от уголовной ответственности, его соотношение со смежными институтами уголовного права.

Актуальность темы научной статьи обусловлена широким применением норм института освобождения от уголовной ответственности в правоприменительной практике современного Казахстана, в частности, примерно по одной пятой регистрируемых уголовных правонарушений принимается решение об освобождении от уголовной ответственности.

Цель исследования – раскрытие сущности освобождения от уголовной ответственности через сопоставление со смежными уголовно-правовыми институтами. При работе над статьей преимущественно применялся *метод* системно-структурного анализа законодательства. *Новизна* статьи заключается в выработке конкретных путей преодоления рассогласованности между нормами материального и процессуального уголовного права, регламентирующими основания и порядок освобождения от уголовной ответственности.

Основные выводы: Обозначены сущностные характеристики освобождения от уголовной ответственности, которые должны приниматься во внимание при принятии процессуального решения о прекращении уголовного дела. Предлагается

привести нормы уголовно-процессуального законодательства, регламентирующие порядок освобождения от уголовной ответственности, в соответствии с идеологией материального уголовного права и лишить суды права выносить обвинительный приговор с освобождением от уголовной ответственности. По мнению авторов, данный шаг позволит выстроить четкую грань между институтами освобождения от уголовной ответственности и освобождения от наказания, а также в полном объеме использовать поощрительный потенциал освобождения от уголовной ответственности.

Ключевые слова: освобождение от уголовной ответственности; освобождение от наказания; обстоятельства, позволяющие не осуществлять уголовное преследование; малозначительность деяния; обстоятельства, исключающие преступность деяния; добровольный отказ.

A.A. Biyebayeva, A.M. Kalgujinova: The essence of exemption from criminal liability, its relationship with related institutions of criminal law.

The relevance of the topic of a scientific article is due to the widespread use of the norms of the institution of exemption from criminal liability in the law enforcement practice of modern Kazakhstan, in particular, approximately one fifth of the registered criminal offenses decide on exemption from criminal liability.

The purpose of the study is to disclose the essence of exemption from criminal liability through comparison with related criminal law institutions. When working on the article, *the method* of system-structural analysis of the legislation was mainly used. *The novelty* of the article lies in the development of specific ways to overcome the inconsistency between the norms of substantive and procedural criminal law that regulate the grounds and procedure for exemption from criminal liability.

Main conclusions: The essential characteristics of exemption from criminal liability are indicated, which should be taken into account when making a procedural decision to terminate the criminal case. It is proposed to bring the norms of the criminal procedure legislation governing the procedure for exemption from criminal liability in accordance with the ideology of substantive criminal law and deprive the courts of the right to render a verdict with exemption from criminal liability. According to the authors, this step will make it possible to draw a clear line between the institutes of exemption from criminal liability and exemption from punishment, as well as make full use of the incentive potential of exemption from criminal liability.

Key words: exemption from criminal liability; exemption from punishment; circumstances allowing not to prosecute; insignificance of the act; circumstances precluding the crime of an act; voluntary refusal.

Библиография:

1. Баулин Ю.В. Обстоятельства, исключающие преступность деяния. Харьков, 1991. – 180 с.
2. Биебаева А.А. Поощрительные нормы в уголовном праве Республики Казахстан // Право и государство. 2014. № 3 (64).

3. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть / Под ред. А.С. Даулбаева. Т. 1. Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 500 с.

4. Ендольцева А.В. Институт освобождения от уголовной ответственности: теоретические, законодательные и правоприменительные проблемы. Автореф. дисс. ... д.ю.н. М., 2005.

5. Ендольцева А.В. Освобождение от уголовной ответственности: от теоретических рассуждений к de lege ferenda // Вестник Московского университета МВД России. 2016. № 6.

6. Карпушин М.П., Курляндский В.И. Уголовная ответственность и состав преступления. М.: Юридическая литература, 1974. – 232 с.

7. Келина С.Г. Теоретические вопросы освобождения от уголовной ответственности / Отв. ред. А.А. Пионтковский. М.: Наука, 1974. – 232 с.

8. Коробов П.В. Сущность освобождения от уголовной ответственности (исходные положения) // Вестник Волжского университета им. В.Н. Татищева. 2010. № 74.

9. Лесниевски-Костарева Т.А. Дифференциация уголовной ответственности. Теория и законодательная практика. М.: Норма, 2000. – 400 с.

10. Магомедов А.А. Уголовная ответственность и освобождение от нее: эволюция правовых воззрений и современность. Автореф. дисс. ... д.ю.н. М., 1998.

11. Сверчков В.В. Концептуальные основы решения проблемы освобождения от уголовной ответственности. Автореферат дисс. ... д.ю.н. Нижний Новгород, 2008.

12. Терновая Ю.Е. Освобождение от уголовной ответственности как форма поощрения за позитивное постпреступное поведение: Дис. ... канд. юрид. наук. Краснодар, 2006. – 191 с.

13. Уголовный закон: опыт теоретического моделирования / Отв. ред. В.Н. Кудрявцев, С.Г. Келина. М.: Наука, 1987. – 276 с.

References (transliterated):

1. Baulin Yu.V. Obstoyatel'stva, isklyuchayushchie prestupnost' deyaniya. Nar'kov, 1991. – 180 s.

2. Biebaeva A.A. Pooshchritel'nye normy v ugovnom prave Respubliki Kazahstan // Pravo i gosudarstvo. 2014. № 3 (64).

3. Borchashvili I.Sh. Kommentarij k Ugolovnomu kodeksu Respubliki Kazahstan. Obshchaya chast' / Pod red. A.S. Daulbaeva. T. 1. Almaty: Zheti Zhargy, 2015. – 500 s.

4. Endol'ceva A.V. Institut osvobozhdeniya ot ugovnoj otvetstvennosti: teoreticheskie, zakonodatel'nye i pravoprimeritel'nye problemy. Avtoref. diss. ... d.yu.n. M., 2005.

5. Endol'ceva A.V. Osvobozhdenie ot ugovnoj otvetstvennosti: ot teoreticheskikh rassuzhdenij k de lege ferenda // Vestnik Moskovskogo universiteta MVD Rossii. 2016. № 6.

6. Karpushin M.P., Kurlyandskij V.I. Ugolovnaya otvetstvennost' i sostav prestupleniya. M.: Yuridicheskaya literatura, 1974. – 232 с.

7. Kelina S.G. Teoreticheskie voprosy osvobozhdeniya ot ugovnoj otvetstvennosti. / Otv. red. A.A. Piontkovskij. M.: Nauka, 1974. – 232 s.

8. Korobov P.V. Sushchnost' osvobozhdeniya ot ugovnoy otvetstvennosti (iskhodnye polozheniya) // Vestnik Volzhskogo universiteta im. V.N. Tatishcheva. 2010. № 74.

9. Lesnievski-Kostareva T.A. Differenciaciya ugovnoy otvetstvennosti. Teoriya i zakonodatel'naya praktika. M.: Norma, 2000. – 400 s.

10. Magomedov A.A. Ugolovnaya otvetstvennost' i osvobozhdenie ot nee: evolyuciya pravovyh vozzrenij i sovremennost'. Avtoref. diss. ... d.yu.n. M., 1998.

11. Sverchkov V.V. Konceptual'nye osnovy resheniya problemy osvobozhdeniya ot ugovnoy otvetstvennosti. Avtoreferat dis. ... d.yu.n. Nizhnij Novgorod, 2008.

12. Ternovaya Yu.E. Osvobozhdenie ot ugovnoy otvetstvennosti kak forma pooshchreniya za pozitivnoe postprestupnoe povedenie: Dis. ... kand. jurid. nauk. Krasnodar, 2006. – 191 s.

13. Ugolovnyj zakon: opyt teoreticheskogo modelirovaniya. / Otv. red. V.N. Kudryavcev, S.G. Kelina. M.: Nauka, 1987. – 276 s.

НОВЫЕ КНИГИ



Уваров В.Н., Уварова-Патенко Н.В. Правоохранительная функция государства. Алматы: Каспийский общественный университет, 2019. – 460 с.

ISBN 978-601-7993-01-6

На основе анализа качественных признаков правоохранительной функции государства дается ее концептуальная модель, раскрывается компетенция органов правоохранительной системы, правовой статус и институциональные признаки правоохранительного органа, концепция уголовно-правовой сферы, организация правоохранительной службы, определены пути дальнейшего совершенствования механизма управления в правоохранительной сфере.

Издание рассчитано на студентов, магистрантов, докторантов и преподавателей юридических вузов и факультетов, курсантов учебных заведений правоохранительной системы республики, сотрудников юридических и кадровых служб правоохранительных органов.

НОВЫЕ КНИГИ



Кайфу Ли. Сверхдержавы искусственного интеллекта. Китай, Кремниевая долина и новый мировой порядок. М.: Манн, Иванов и Фербер, 2019. - 350 с.

ISBN 978-5-00146-163-0

Кай-Фу Ли – один из известнейших экспертов в области искусственного интеллекта. За долгую и блестящую карьеру он узнал изнутри, как работают Кремниевая долина США и IT-отрасль Китая, поэтому с уверенностью делает прогнозы о том, кто и почему победит в гонке ИИ.

Но эта победа может обернуться безработицей и невиданным социальным расслоением по всему миру. Катастрофа почти неизбежна, но после серьезнейшего личного кризиса Кай-Фу Ли увидел неожиданный выход. Его укажут человечность и ответственность, а вовсе не армия умных машин.

На русском языке публикуется впервые.